ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 08 шілде №7119-25-00-2/6543 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Б. Алиев,
электрондық азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана орманы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Маханов» жеке кәсіпкері басшысы Маханов Амангельды Балтабаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана орманы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «Маханов» жеке кәсіпкері басшысы Маханов Амангельды Балтабаевич қоғамдық қоры мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызын – қанағаттандырылсын.

«Маханов» жеке кәсіпкері басшысы Маханов Амангельды Балтабаевич мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Маханов» жеке кәсіпкері басшысы Маханов Амангельды Балтабаевич мемлекеттік пайдасына 1966 теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар

Документ подписан: Алиев Б. Т., 08.07.2025
Дата вступления в законную силу: 18.08.2025, судья Алиев Б. Т., 29.09.2025
7119-25-3-1/6324

етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **Б.Алиев**

Документ подписан: Алиев Б. Т., 08.07.2025

Дата вступления в законную силу: 18.08.2025, судья Алиев Б. Т., 29.09.2025

7119-25-3-1/6324